«АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АКТАУСКИЙ ГОРОДСКОЙ ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

09.10.2020ж. № 200

Ақтау қаласы

город Актау

**Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 жарлығы мен Маңғыстау облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №115 нқ бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Бағынысты білім беру ұйымдарының басшыларына:

2.1. Жұмыс жоспарын іске асыру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

2.2. Жұмыс жоспарының іс-шараларын орындау жөніндегі қорытынды ақпаратты әр тоқсанның келесі айының 3-нен кешіктірмей білім бөліміне ұсынылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары А.Нұрбергеноваға жүктелсін.

**Бөлім басшысы** **С.Тулебаева**

"Бекітемін"
Ақтау қалалық білім
бөлімінің басшысы
________С.Тулебаева
"01" 10 2020 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Орта білім беру ұйымдары басшыларының оқушылардың ата-аналары ұжымының алдында, оның ішінде орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу | БББҰ, А.Нурбергенова, Қ.Садуова | тоқсан сайын |
| 2 | Айқындылықты көтеру мақсатында мемлекеттің білім беру ұйымдарына бөлінген қаржысын және жұмсалғандығы туралы мәліметтерді білім бөлімінің сайттарына орналастыру | БББҰ, А.Нурбергенова, Қ.Садуова | тоқсан сайын |
| 3 | Білім беру ұйымдарында білім алушылар мен олардың ата-аналарынан заңсыз ақы алу, ақша жинау фактісін болдырмау мақсатында семинарлар өткізу | БББҰ, АҚБДО, ЖБжМҚКС | тоқсан сайын |
| 4 | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің оқушылармен және педагогтармен кездесулерін ұйымдастыру (семинарлар, дөңгелек үстелдер, т.б) | БББҰ, АҚБДО, ЖБжМҚКС | тоқсан сайын |
| 5 | ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңын білім саласында қолдану ерекшеліктері" тақырыбында семинар ұйымдастыру | БББҰ, А.Нурбергенова, Қ.Садуова | тоқсан сайын |
| 6 | Мектеп оқушыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру жөнінде сынып сағаттарын өткізу | БББҰ, АҚБДО | 2021 жыл І тоқсан |
| 7 | Білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру жөнінде вебинар, тренингтер өткізу | БББҰ, АҚБДО | 2021 жыл ІІІ тоқсан |
| 8 | "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубтарының қалалық слетін өткізу | БББҰ, АҚБДО | 2021 жыл ІҮ тоқсан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі бойынша бірлескен жұмыстар ұйымдастыру, білім беру ұйымдарының басшыларымен мәжіліс өткізу (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментімен) | БББҰ, АҚБДО, ЖБжМҚКС | 2020-2021 оқу жылы келісім бойынша |
| 10 | Әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды насихаттайтын инфографиктер мен бейнероликтер әзірлеу, арнайы айдар ашу және оны тұрақты жүргізіп отыру | БББҰ, ЖБжМҚКС | үнемі |
| 11 | Білім беру ұйымдарындағы қамкоршылық кеңестердің жұмысын жандандыру бағытында нақты жұмыстар атқарсын, талдау жүргізу (кеңес құрамын нақтылау, отырыстарға кеңес мүшелерінің толық қатысуы және олардың нақты мәселерді шешуге атсалысуы, кеңестің білім беру ұйымының жұмысын одан әрі дамыту бойынша берген нақты ұсыныстарының болуы, отырыс хаттамалырының толықтығы, интернет ресурстарда отырыс хаттамаларының жариялануы және т.б.) | БББҰ, ЖБжМҚКС | 2021 жыл I тоқсан |
| 12 | Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы ашық есік күндерін ұйымдастыру, қызметкерлер арасында анонимді сауалнамалар жүргізу | БББҰ, АҚБДО | Жылына 2 рет |
| 13 | Білім беру ұйымдарында **open space** форматында қызмет көрсету, келушілерге өзіне өзі қызмет көрсету бұрыштарын жасақтау. Келушілерге түсінікті, қолжетімді түрде жауап алуына жағдай жасау (арыз-шағымдарды уақытылы қабылдап, дер кезінде жауап жолдау, негативті арыз-шағымдарды жоғарғы инстанцияға жеткізбей, жергілікті жерлерде қанағаттандыру); | БББҰ, ЖБжМҚКС | үнемі |
| 14 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуде мерзім бұзушылықтарды бақылау | БББҰ, ЖБжМҚКС | үнемі |

**Аббревиатура**

БББҰ - бағынысты білім беру ұйымдары

АҚБДО - Ақтау қаласының білімді дамыту орталығы

ЖБжМҚКС - жалпы білім және мемлекеттік қызмет көрсету секторы

ТІЖС - тәрбие ісі жөніндегі сектор

БСТжДС- білім саласын талдау және дамыту секторы